

Қазақ күресі бойынша чемпионат өтті

Жақында Қостанай облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының Рудный қаласындағы спорт кешенінде Қазақ күресі бойынша чемпионат өтті.



Оған Қазақстанның түрлі аумақтарынан спорт жетістіктері бар ересек спортшылары қатысып, бақ сынасты.

Өзінің жарқын және техникалық жарысымен ҚР ІІМ Көліктегі ІІД Қостанай станциясындағы ІІЖБ Тобыл станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің патрульдік полиция тобының полиция кіші сержанты Тасмағамбетов Бауыржан Нұржанұлы ұлттық қазақ күресінен финалға шығып, Қостанай облысының Чемпионатында ересектер арасында 100 кг салмағында І орынды, ал +100 кг салмағында ІІІ орынды жеңіп алды.

Қостанай облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Е. Вильямс жеңімпаздарға грамоталар мен естелік сыйлықтарын табыс етті.

Қостанай ст. ІІЖБ

Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Курсанттардың демалыс күнінде

Жексенбі - әрбір адам үшін әсіресе курсанттар үшін асыға күтетін өте ерекше күн. Осындай жайма-шуақ ерекше күндердің бірінде ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының күндізгі оқыту факультетінің 103-оқу тобы жексенбі демалысына шықты.

Қостанай қаласын саяхаттап, «Арман-3D» кинотеатрында «Тайна дома с часами» атты фильмді тамашалады. Киноны көрген тыңдаушылардың көңіл-күйлері бір көтеріліп қалды. Сондықтан айына бір рет болса да курсанттарды демалыс уақыттарында қалада немесе қала сыртында серуендету арқылы олардың күйзеліске түсу, зерігу, сағыну сезімдерінің мүмкіндіктерін төмендетуге болады. Мұндай демалыс тыңдаушыларға жақсы әсер қалдырды.

Осы топтың курсанттары еліміздің өзге өңірлерінің тұрғындары болғандықтан оларға Қостанай қаласының тарихын қысқаша айтып өткенім жөн болар деп шештім. Қаланың алғашқыда «Николаевка» деп аталғаны, содан кейін 1893 жылы Қазақстанның құрамында болған бұрынғы Торғай облысына жаңадан ендірілген уездік аумақтық-әкімшілік бөлінісіне сәйкес оған «Қостанай» атауы беріліп, Қостанай уезінің орталығына айналғаны туралы айтылды. 1997 жылғы 17 маусымда Қазақстан Президентінің Жарлығымен орыс тіліндегі «Кустанай» атауының транскрипциясы «Костанай», ал «Кустанайская область» — «Костанайская» деп өзгертілгені жайында әңгімелер тілге тиек етілді.

Қостанай – ғасырлар бойы қалыптасқан, ана тіліміздегі мән-мағынасы сақталған төл атау. Сондықтан да оны ең алдымен туған жер тарихымен байланыстыра қарау керек екенін естен шығаруға болмайды.

Қаланың ішкі және сыртқы аумақтарын аралап, тарихы баяндалған бүгінгі күніміз курсанттарға жағымды қуанышты әсер қалдырды.

Әбділі АБЗАЛ,

ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы

Қостанай академиясы

Ғылыми-зерттеу орталығының

қызметкері, полиция капитаны

Академия Елбасы Жолдауын қолдайды

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан» фракциясының мүшелері Асылбек Смагулов пен Василий Олейников және «Нұр Отан» партиясының Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жаңабай Бисимбаевтың қатысуымен Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру және жетілдіру бағытында ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының профессорлық-оқытушылар құрамы, магистранттар мен курсанттар арасында кездесу өткізілді.

Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов Қостанай облысына Елбасының Қазақстан халқына Жолдауының қағидаларын, бағыттарын, маңыздылығын толықтай түсіндіру бағытында келген Мәжіліс депутаттарын, партияның Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасарын профессорлық-оқытушылар құрамына, магистранттар мен курсанттарға таныстырды.

Алғашқы сөз кезегі Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жаңабай Бисимбаевқа берілді: «Бүгін депутаттар Қостанай облысына құқық қорғау қызметкерлеріне, облыстық соттың сот төрешілеріне, сонымен қатар Әділет департаменті қызметкерлеріне Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру бағытында келіп отыр. Бүгінгі таңда, Жолдауды түсіндіру бағытында ақпараттық-насихат жұмыстары жүргізіліп, медиа жоспары бекітілді. Жолдауды одан әрі жүзеге асыру бағытында бұқаралық ақпарат құралдарында, баспа басылымдарында мақалалар жарияланып, теледидардан тікелей сөз сөйлеп, бірталай жиналыстар жүргізіліп, жан-жақты оңтайлы жұмыстар атқарылып жатыр. Қазір бірінші кезекте облыстағы әр адамға Жолдаудың мағынасын, бағыттарын мен қағидаларын нақыштап түсіндіру қажет», деген Ж. Бисимбаев Мемлекет басшысының Жолдауындағы әр адамның әл-ауқатын жақсарту, өмір сүру деңгейін арттыру, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділік жағдайларына тоқталды.

Келесі сөз кезегі Василий Олейниковке берілді: «Біз, депутаттар, биылғы жылы Елбасы Жолдауын Ақордада тыңдадық. Елбасы өз Жолдауында құқық қорғау органдарына, ондағы штаттық санды оңтайландырып, полицияны өзіне тиесілі емес функциялардан арылту, полициялардың жалақысын көбейту, олардың тұрғын үй және өзге де әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттау қажеттігіне айрықша назар аударды», дей келіп ол Академия арқылы



білікті де кәсіби маман кадрларды даярлау қажеттілігіне тоқталды.

Василий Олейников сөзін аяқтай келе, сөз кезегін Асылбек Смагуловке берді. Ол Елбасымыздың Жолдауында халқымыздың әл-ауқатын жақсарту мақсатында бірталай бағыттар қойылып отырғандығын айта келіп, Ішкі істер органдарының атқарып отырған қызметі мен рөліне тоқталып өтті. Соның ішінде еліміздің қауіпсіздігі мен тыныштығын, қоғамдық тәртіпті сақтауда, қызмет барысында қылмыскерлерді ұстауда ерліктерін көрсетіп, өмірлерін қиған қызметкерлер саны 700-ге жуық деген дерек келтірді. Сондай-ақ, заман талабына сай ІІО қызметін жетілдіру бағытында жұмыстар атқарылып жатқандығын айтып өтті.

Сонымен қатар мемлекеттік оқу орындарының тиімділігін, сапасын көтеру, оқу бітірісімен жұмыспен қамтамасыз ету жағдайларын жасау қажеттігін алға тартты. «Сіздер оқу орнында киім-кешекпен, ал оқу бітірісімен жұмыс орнымен 100 процент қамтамасыз етілген жандарсыздар. Бұл да мемлекет тарапынан жасалып отырған көмек», деген ол бүгінгі таңда, сыбайлас жемқорлықпен күрес, оның алдын алу аса өзекті болып отырғандығына тоқталды. «Құқық қорғау органдарының қызметкерлері сыбайлас жемқорлықты болдыртпау мақсатында бірталай жұмыстар атқарып жатыр. Осы жұмыстардың арқасында сыбайлас жемқорлық саны кемуде. Сондай-ақ, полицияның атқарып жатқан жұмысын сервистік модельге көшіру қажет», деген пікірін де білдірді.

Кездесу барысында оқу ордасының профессорлық-оқытушылар құрамы, магистранттар мен курсанттар сұрақтар қойды. Оның ішінде еліміздегі «7-20-25» ипотекалық бағдарламасы бойынша құқық қорғау қызметкерлері үшін қандай жеңілдіктер болатындығы туралы да сұрақтар қойылды.

Кездесу соңында, полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов «Ішкі істер органдарының қызметкері ең алдымен білімді, кәсіби маман, адамгершілігі мол, инабатты, сыпайы, берген Антына адал, берілген жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарайтын, өз елінің патриоты, абыройлы

болуы тиіс.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылы 16 шілдеде біздің академияға келіп, «Қостанайдағы тұңғыш Жоғары милиция мектебіне, оның шәкірттеріне Отанына адал қызмет етуін тілеймін» деп қалдырған тарихи жазбасы білім ордасының ұранына айналды. Бүгінде, академия курсанттары, болашақ тәртіп сақшылары білім ордасында оқып жүріп, өздерінің білімдерімен, халықаралық конференцияларға, жиындарға қатысып еліміздің өркендеуіне үлестерін қосып келеді» деген тілегін айта келіп, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан» фракциясының мүшелері Асылбек Смагулов пен Василий Олейниковке және «Нұр Отан» партиясының Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жаңабай Бисимбаевқа Қазақ КСР-нің Ішкі істер министрі болған, Ішкі істер генерал-лейтенанты шенін тұңғыш алған қазақ, 2004 жылы білім ордасына есімі берілген Шырақбек Қабылбаевтың ізбасарларына Елбасының Жолдауын түсіндіріп, қойылған сұрақтарға жауап бергендеріне көптеген ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, академия басшылығы Елбасының сындарлы саясатының арқасында Еуропалық Одақтың «Қазақстандағы қылмыстық әділ сотты жетілдіру» (EUCJ) ЕО жобасының қаржылық қолдауымен сыйға тартылған мультимедиялық кабинет пен баспаханалық мультимедиялық кабинетін көрсетті. Бұл, ХХІ ғасыр – озық технологиялар ғасырында білім беру жүйесінің жаңа технологиялармен заман талабына сай жабдықталғандығын, сонымен қатар қазақстандық құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби шеберліктерін жоғарылату және пробация қызметкерлерін оқыту орталығы болып табылады.

Қорытындылай келе, Елбасының Жолдауы халқымыздың әл-ауқатын нығайтуға, құқық қорғау органдарының, ең алдымен, полиция жұмысын жақсартуға, полиция қызметкерінің жаңа стандартын бекітуге, сонымен қатар, білім ордасы Академияда кадрларды даярлау және іріктеу жүйесін өзгерту қажеттілігіне бағытталған. Академияның профессорлық-оқытушылар құрамы және білім алып жатқан курсанттар, яғни болашақ тәртіп сақшылары Елбасының қазандағы Жолдауын бірауыздан қолдап, Жолдауда көрсетілген бағыттарды жандандыру және дамыту мақсатында жұмыла еңбектенетін болады.

О. УАҚПАЕВА.

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы

Қостанай академиясының баспасөз хатшысы

Президент Жолдауын түсіндірді

Қазақстан Республикасы Президенті Жолдауының негізгі міндеттерін түсіндіру мақсатында 2018 жылғы 12 қазанда ҚР ІІМ Көліктегі ІІД Қостанай станциясындағы ІІЖБ-ге әлеуметтік-құқықтық дайындық жүйесі сабағына «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық комиссиясының мүшесі Харченко Анатолий Николаевич арнайы шақырылды.

Жолдауды талқылауға ІІЖБ басшылығы, жеке құрам мен желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері қатысты.

Өз баяндамасында Анатолий Николаевич Жолдаудың негізгі тармақтарын жеткізіп, Қазақстан ТМД және Орталық Азия елдері арасында «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу үшін әлемдік қоғамдастық таңдап алған

бірінші мемлекет болды. Біз Еуразия өңірінің қаржылық, іскерлік, инновациялық және мәдени орталығы ретінде қалыптасуын қамтамасыз етіп, жаңа елордамыз - Астананы салдық. Халық саны 18 миллионнан асып, өмір сүру ұзақтығы 72,5 жасқа жетті.

Мен, негізінен Президенттің сыбайлас жемқорлық туралы айтқандарына тоқталсам деймін. Елбасы өз Жолдауында қарамағындағы қызметкерлер сыбайлас құқықбұзушылық жасаған жағдайда бірінші басшылардың жеке тәртіптік жауапкершілігін күшейту мәселесін пысықтау қажеттігіне назар аударды. Біз осы зиянды көрініспен ымырасыздық күрес жүргіземіз.

Президент құқық қорғау органдарының жұмысына терең және сапалы өзгерістер қажет. Қауіпсіздік тұрмыс сапасының ажырамас бөлігі болып саналады. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмыспен күресте «алдыңғы

шепте» жүреді, көбінесе өз басын қатерге тігіп, азаматтарды қорғайды. Сонымен қатар, қоғам құқық қорғау органдарының, ең алдымен, полиция жұмысының түбегейлі жақсаруын күтіп отыр, деп тұжырым жасады.

Президент Әкімшілігімен бірлесіп, «Ішкі істер органдарының жаңғырту жөніндегі жол картасын» қабылдауды тапсырды. Біріншіден, Ішкі істер министрлігінің штаттық санын оңтайландырып, полицияны өзіне тиесілі емес функциялардан арылту қажет. Үнемдеген қаражатты полициялардың жалақысын көбейтуге, олардың тұрғын үй және өзге де әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттаған жөн. Полиция қызметкерлерінің жаңа стандарттарын бекітіп, маңсаптық ілгерілету, сондай-ақ, полиция академиялары арқылы кадрларды даярлау мен іріктеу жүйесін өзгерту керек. Қызметкерлердің бәрі

қайта аттестациялаудан өтуге тиіс. Тек үздіктері ғана қызметін жалғастырады.

Азаматтардың санатында полициялар жазалаушы емес, керісінше, қиын жағдайда көмек көрсетуші деген түсік орнығуы керек, деді Елбасы.

Президенттің Жолдауы барлықтарымызға және елімізге жаңа мүмкіндіктер мен жаһандық талабынан өтуіне мүмкіндіктерін анықтайды. Ал бізде, Президенттің басшылығымен алдағы жылдары еліміздегі барлық басым міндеттері сәтті жүзеге асырылатынына күмәніміз жоқ.

Н. Назарбаевтың Жолдауы біздің Тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздігі үшін қызмет ететін, оны өзінің құрметті міндеті деп санайтын әрбір қызметкер мен патриоттың жүрегінен үндеу тауып отыр, - деді Анатолий Николаевич.

Қостанай ст. ІІЖБ

Комиссия отырысында талқыланды

2018 жылғы 12 қазанда Қостанай станциясындағы ІІЖБ-де Қостанай станциясындағы ІІЖБ-де есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі комиссиясының төрағасы полиция полковнигі А.Б. Исиннің қатысуымен есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі комиссия отырысы өтті.



Отырысқа Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары А.Б. Беркимбаев, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросы Қостанай облысы бойынша департаментінің аға тергеушісі А.Н. Куанбаев, Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі М.У. Мамбетов және Қостанай ст. ІІЖБ жеке құрамы қатысты.

Ұлттық бюросы Қостанай облысы бойынша департаментінің қылмыстық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен басқа да құқық бұзушылықтарды жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайларды жою жөніндегі ұсынымхаты қаралды.

Қостанай ст. ІІЖБ Штаб бөлімшесінің бастығы полиция майоры С.Т. Мурзамағамбетова сөз сөйлеп, қатысушыларға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросы Қостанай облысы бойынша департаментінің

ұсынымхаттарын жеткізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары А.Б. Беркимбаев, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросы Қостанай облысы бойынша Департаментінің аға тергеушісі А.Н. Куанбаев ақпараттарын жеткізді, олар қатысушыларға қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық, сыбайлас жемқорлық заңнамаларын және Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін түсіндіріп, сондай-ақ, жаңа Жолдау бойынша әңгіме қозғады, оның басымдықтарын нақтылады.

Ұсынымхаттарды қарау барысында проблемалық мәселелер талқыланды, оның нәтижелері бойынша кінәлі қызметкерлер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Қостанай ст. ІІЖБ Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Көптілділік – табыс кепілі

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп айтқан болатын.

«Үш тілдің бірлігі» атты мәдениетті жобасында – үш тіл, яғни қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзегенімен, бұның түпкі негізі, көздеген мақсаты – мемлекеттік тіл қазақ тілі, халықаралық қолданыстағы тіл орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіріп, әлемдік деңгейге көтеріп, жаһан тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу болып табылады.

Қандай мемлекет болсын оның, ең әуелі мән беріп, ұлықтайтын тілі - әрине, мемлекеттік тілі. Себебі, мемлекеттік тіл әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің сипатты белгілерінің бірі, ұлттық саясатының көрсеткіші болып табылады. Бұл бағытта еліміз мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыруға күш салып отыр. Бұл мәселе тек қана қазақ халқының ғана емес, елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің де алдында тұрған міндет.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы



Қостанай академиясының күндізгі оқыту факультетінің 1 және 2-курс курсанттары 2018 жылғы 18 қазан күні қалалық ҚБ «Южный» кітапханасында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Үш тұғырлы тіл» саясатын насихаттау, мемлекеттік тілді құрметтеу, жастардың танымдық деңгейін көтеру, ой-өрісін кеңейту мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға қатысты. Іс-шара барысында белгілі журналист, ақын Ғайнижамал Бердалинова өзінің «Жүрегінен өлең болып өрілген», «Аман болшы, ақылдым», «Ризамын, қалқам, ризамын» жинақтарымен, «Жас қазақ», «Алға» деген журналдарымен таныстырды.

Тіл - ұлттың жүрегі, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс-тіршілігінің көзі, еркіндігінің үні. Оны құрметтеп, қорғау, келешек ұрпаққа жеткізу, бізге ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан жеткен аманат.

Елімізде тыныштық, үйімізде ырыс-құт, тіл мәртебесі биік болсын.

О. АУЖАНОВА, В. КАСЕНОВА, ҚР ІІМ Ш.

Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Кураторлары, полиция капитандары

Музей – тарихтың тірі куәсі

Кураторлық сағат аясында 109-оқу тобы курсанттарына ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының музейіне танымдық саяхат ұйымдастырдым.

Негізгі мақсат: курсанттардың рухани мінез-құлықтарында дамыту, патриоттық және азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру, шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру болып табылады.

Музей – тарихтың тірі куәсі. Қандай құжатқа көз салсаңыз да, ол кідірместен өзінің «тарихын» айтып береді. Ұсынылған ауқымды материалдар оқу орнының тарихын көрсетеді. Танымдық саяхат барысында, курсанттар



біздің оқу орнымыздың қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай үлес қосқан бірінші басшыларымен танысты. 109-топ курсанттары Шырақбек Қабылбаевтың арналған экспозицияларға ерекше қызығушылық танытты. Курсанттар генералдың өмірі мен қызметі туралы мағлұмат алды. Ш.Қ.Қабылбаевтың

ел алдындағы үлкен еңбектерінің бірі, еліміздің құқық қорғау органдарына кадрлар даярлау үшін жоғары ведомстволық білім беруді ұйымдастыруы ғана емес, сондай-ақ, милицияның мәртебесін көтеруге барынша өз үлесін қосқаны мәңгі есте қалады. Танымдық саяхат қызықты, тартымды болғаны

үшін екінші курс курсанты Дуйсенова Дианаға алғысымызды білдіреміз.

Айта кету керек, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының музейі жас ұрпақтың мәдени, адамгершілік және патриоттық тәрбиесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Танымдық саяхаттан кейін 109-топ курсанттары оқу орнының тарихымен терең танысып, бір-бірімен пікір алмасты.

Лилия КИНЖЕБАЕВА, ҚР ІІМ Академиясы Тілдер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

«Маусымашар 2018-2019» жайдарман фестиваліне қатысты

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының «Ішкі істер құрамасы» атты Жайдарман командасы осы қазан айында Көкшетау қаласында өткен «Маусымашар 2018-2019» Жайдарман фестиваліне қатысып, жүлделі 3-ші орынға ие болды.

Жайдарман фестиваліне Көкшетау қаласы, Ақмола облысы, Астана қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қостанай қаласы және Қостанай облыстарынан келген жиырма команда қатысты.

Сайыс қорытындысы бойынша 3-ші орын «Ішкі істер құрамасына», 2-ші орын Көкшетаулық «Құтқарушылар» командасына, 1-ші орын Көкшетаулық құрамаға берілді. Ал, «Маусымашар 2018-2019» Жайдарман фестивалінің Гран-Приін қызылжарлық «Бес жаңалық» командасы иеленді.

Фестиваль нәтижесі белгілі болғаннан кейін, Академияның «Ішкі істер құрамасы» Облыстық «Ақмола» лигасының 1/8 финалына шақыру алды.

10 қазан күні «Ішкі істер құрамасы» Жайдарман командасының мүшелері Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызыловпен кездесу өткізді. Кездесу барысында генерал мырза курсанттарды жүлделі орын алғандарымен құттықтады және курсанттардың шығармашылықпен, спортпен, ғылыммен айналысқанын қолдайтынын айтты.

«Ішкі істер құрамасы» Жайдарман командасының мүшелері Көкшетау қаласына барып, өнер көрсетуге мүмкіндік берген Академия басшылығына өз ризашылығын білдірді және алдағы болатын жарыстарда бұдан да жақсы нәтиже көрсететіндігіне нық сенімділіктерін танытты.

Е. КИШКЕНТАЕВ, ҚР ІІМ

Қостанай академиясының тәрбие жұмысы бөлімінің инспекторы полиция аға лейтенанты

Мектепте дәрістік сабағы өткізілді

Теміржол көлігі объектілерінде балалар жарақатының алдын алу мақсатында Қостанай станциясындағы ІІЖБ ювеналдық полиция тобының қызметкерлері мектептер мен басқа да оқу орындарында әңгімелер мен дөңгелек үстелдерді ұдайы өткізіп отырады.



Қостанай станциясындағы ішкі істер желілік бөлімінің Әкімшілік полиция бөлімшесінің ювеналдық полициясы тобының учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Б.А. Оташев және қатардағы полицей Ж.Е. Аймағамбетов Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі №5 орта мектебінің 6-8 сынып оқушыларына «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды алдын алу» тақырыбына арналған дәрістік сабағын өткізді.

Оқушыларға темір жолдарында болу ережелері туралы айтылып, темір жолында қауіпсіздік ережелері, әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершілігі түсіндірілді.

Сондай-ақ, оқушыларға аталған тақырып бойынша фильм көрсетілді.

Қостанай ст. ІІЖБ Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru